

2015 жылға халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 8 желтоқсандағы № А-12/443 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 29 желтоқсанда № 4541 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 24 ақпандағы № А-2/66 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімдігінің 24.02.2016 № А-2/66 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2015 жылға халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесі белгіленсін:

- 1) 21 жастан 29 жасқа дейінгі жастар;
- 2) ұзақ уақыт жұмыс істемейтін тұлғалар (бір жылдан артық);
- 3) мигранттар;
- 4) азаматтық қызметтен босатылғандар;
- 5) техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінің бітірушілері;
- 6) ауырғаннан кейін емделу курсынан өткен, туберкулезбен ауыратын тұлғалар;
- 7) 50 жастан жоғары тұлғалар.

2. Осы қаулының орындауын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Қ.Әлжановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жарқайың ауданының әкімі

А. Үйсімбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК